

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті педагогика және психология факультетінің ізденуші-докторанты Мамекова Асем Танирбергеновна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Докторлық диссертацияның өзектілігінде қоғамда, жаппай кәсіптерді меңгеру және білікті кадрларға деген сұраныстың артуына байланысты оқу кезеңінде кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінің болуы, студенттердің кәсіби дайындықпен байланысындағы мотивациялық сфераны талдау қажеттілігі, ЖОО-да білім беру кезеңінде тұлғалық және кәсіби қасиеттерді дамытудағы мотивацияны зерттеу көкейтесті мәселелердің бірі екенін ашып айтады. Оның жұмысының теориялық бөлімінде қазіргі уақытта ғылымда мотивацияның тұлғалық және кәсіби қасиеттерді дамытуға әсер ету контекстінде жеткілікті түрде зерттелмегендігі көптеген ғалымдардың, психологтардың еңбектерінде В.Г.Асеев, Т.О. Гордеева, Е.П. Ильин, А.Н. Леонтьев, А.К. Маркова, Ю.Б. Орлов, С.Л. Рубинштейн, П. М. Якобсон және т.б. және шетелдік авторлар Л.Фестингер, З. Фрейд, Х.Хеккаузен, т.б. қарастырған.

Қазіргі әлемде қарқынды болып жатқан өзгерістер жоғары оқу орындарының білім беруімен тікелей байланысты, оның мақсаты жоғары кәсіби жетістіктерге бағытталған шығармашылық әлеуеті бар тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Еңбек нарығы жоғары білімі бар мамандарға және олардың бәсекеге қабілеттілігіне жоғары талаптар қояды. Мұндай маманды даярлауға құзыреттілік тәсілге негізделген және студенттерде бірқатар жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды көздейтін жоғары кәсіптік білім берудің жаңа стандарттары бағытталған. Сонымен қатар ЖОО-да мамандарды кәсіби даярлаудың теориялық, дидактикалық, әдістемелік негіздері және олардың кәсіби даярлығын қалыптастыру бойынша Қазақстан ғалымдардан Ш.А.Абдраман, А.Р.Анасова, Р.И.Бурганова, К.М.Беркимбаева, Ы.А.Нәби, Қ.М.Кертаева, М.Құрманов, М.А.Лигай, М.С.Мәлібекова, Г.Ж.Меңлібекова, Р.С.Омарова, Р.Б.Исмаилова, С.М.Жақыпов, А.А.Аймағамбетова және Д.Д.Дүйсенбеков жеке адамның кәсіби іс-әрекетке деген бағыттылығы, кәсіби іс-әрекетінің мотивациялық құрылымы туралы бірқатар зерттеулер жүргізілгендігі жайлы сипаттайды. Студенттер өз орнын табуға, таңдаған мамандығында сәтті болуға, дамуға және жетілуге көмектесетін қасиеттерді қалыптастыру және дамыту қажеттілігі туындайтындығын зерделеген.

Докторанттың диссертациялық жұмысының ішкі үйлесімділігі жоғары деңгейде сақтақталынған, зерттеудің негізгі болжамында, автор студенттердің тұлғалық өсуіндегі, кәсіби даярлану үрдісіндегі

мотивациясының ерекшеліктері, кәсіби білім беру мәселесі теориялық тұрғыдан айқындалып, мотивация құрылымы, кәсіби іс-әрекеттегі сыртқы және ішкі мотивациялардың басымдылықтары анықталып, арнайы ұйымдастырылған психологиялық тренингтермен, бағдарламалармен дамытса, тәжірибеге ендірілсе, онда студенттердің кәсіби білім беру нәтижелі болады деп тұжырым жасаған.

«Студенттердің тұлғалық өсуіне әсер етуші мотивацияның теориялық – әдістемелік аспектілері» атты бірінші тарауда студенттердің кәсіби даярлану үрдісіндегі тұлғалық қалыптасуында мотивацияның маңызы туралы, психолог – студенттердің тұлғалық өсуі мен кәсібиленудің байланысын мотивациялары арқылы анықталуы және мотивация мәселелерін отандық және шетелдік әдебиеттерде теориялық мазмұны әзірленіп, сипатталған.

«Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның әсерін тәжірибелік-эксперименталды» атты екінші тарауда констатациялық эксперимент арқылы студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби дамытуға мотивацияның әсерін психодиагностикалық зерттеу әдістемелері, студенттердің кәсіби мотивациясының қалыптасу маңызы, сондай-ақ зерттелген мәселенің көрсеткіштерін статистикалық өңдеу нәтижелері қамтылған.

«Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивациян қалыптастыру әдістемесі» атты үшінші тарауда студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивациясын қалыптастыру бағытында **«Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы»** атты курсының оқу-бағдарламалық кешені ұсынылған. Онда педагог-психолог студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивациясын қалыптастыруға бағытталған технологиялар мен тренинг бағдарламалары қажеттігін айқындаған.

Диссертацияның эксперимент бөлімінде студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби дамытуға мотивацияның әсерін психодиагностикалық зерттеу мақсатында бірнеше әдістемелерді таңдап, жүргізген. Зерттеудің бірінші кезеңінде зерттеудің теориялық әдістері қолданылған: талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу және топтау. Екінші кезеңінде аннотациялау, конспектiлеу; Үшінші кезеңінде тарихи-ретроспектілеу, тарихи-статистикалау, салыстырмалы-сәйкестендіру зерттеу әдістері пайдаланылады. Олар: Өзін-өзі дамыту бойынша іс-әрекеттегі білім алушылардың белсенділігін зерттеуге арналған "Менің жеке дамуым" әдістемесі (С. С. Кункевич), Герцбергтің мотивациялық тест, жеке құндылық бағдарларының нақты құрылымының диагностикасы (С.С. Бубнова), С.А. Пакулинаның "Студенттердің ЖОО-да табысқа жету мотивациясы"әдістемесі, Маслоудың мотивациялық тесті, өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалау (Л.Н.Бережнова), өмірлік жеке тұлғалық мақсаттардың жүзеге асуында өз-өзінді бағалау (Н.Р.Молочников), Т.И. Ильинаның жоғары оқу орындарында оқыту мотивациясын зерделеу әдістемесі нәтижесінде диссертациялық

зерттеудің жанама болжамдары дәлелденіп, эмперикалық зерттеу жұмыстарын жүргізген. Эксперимент арқылы студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби дамытуға мотивацияның әсерін психодиагностикалық зерттеу максатында әдістемелерді дұрыс таңдау маңызды.

Зерттеу жоғары теориялық және әдіснамалық деңгейде жүргізілді, айтарлықтай ғылыми және практикалық маңызы бар, тәуелсіз шығармашылық ізденістің нәтижесі болып табылады.

Зерттеудің тілі жеңіл, ғылыми деректері дұрыс әрі нақты, грамматикалық стилистикалық ғылымилығы жоғары.

Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны бойынша 20 ғылыми еңбек жарық көрген.

Докторанттың ғылыми зерттеу жұмысының барысында көп еңбек еткен, бұл арнайы өзінің жеке орындағанын білдіреді. Жұмыстың ішкі мазмұнының тақырыппен сәйкестігі, зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, алынған тұжырымдар мен қорытындылаған. Ғылыми зерттеу жұмысы толық аяқталған екендігін талаптарға сай орындалғанын дәлелдейді.

Ізденуші-докторант Мамекова Асем Танирбергеновна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен сай келеді. Сондықтан бұл диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Отандық кеңесші:
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің психология
ғылымдарының докторы,
профессор



Н.К. Токсанбаева



